

2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Біржан сал ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 22 шілдедегі № а-7/161 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 31 шілдеде № 7303 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Біржан сал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген 2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аталған мәселеге жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады

Аудан әкімі

Е.Нұғыманов

Біржан сал ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "22" шілдедегі
№ а-7/161 қаулысымен
бекітілген

2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Аудан атауы	Мектепке дейінгі ұйымының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны			
		Балабақша	Балалар толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық		Балалар жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық
		мемлекеттік	жекеменшік		
Біржан сал ауданы	"Күншуақ" балабақшасы	100			
	"Әйгөлек" балабақшасы	37			
	"Балдырған" балабақшасы	60			

	Мини-центр			175		360	
--	------------	--	--	-----	--	-----	--

кестенің жалғасы

Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)				Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының бір айға арналған ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)				
Балабақша		Балалар толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Балалар жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Балабақша		Балалар толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Балалар жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	
мемлекеттік	жекеменшік			мемлекеттік	жекеменшік			
				3 жасқа дейін	3 жастан кейін			
23 620				9 000	10 000			
26 643					10 000			
28 996				9 000	10 000			
		13 468,2	6 819				10 000	